



**1 мамыр –
Қазақстан
халқының
бірлігі күні**



№34 (10024)
30 сәуір,
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық асемімізі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Бірлік бәрінен маңызды



Төле бала жасы жүзге келген Әнет бабаға барғанда ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме айтып отырады. «Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ?» деп сұрайды. Сонда Әнет баба әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырыпты.

– Балам, мынаны сындырып көрші... Төле бұлаған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды.

– Енді сол шыбықты біртіндеп сындырышы... Бала ортасынан бұылған шыбықты шешіп, біртіндеп оп-оңай сындырып береді.

Сонда Әнет баба: – Бұдан не түсіндің, балам? – дейді.
Зейінді Төле: – Түсіндім, баба, бұл мыса-

лығыңның мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. «Саяқ жүрген таяқ жейді» демекші, бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады дегеніңіз ғой, – дейді.

– Бәрекелді, балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін алдымен елді ауызбіршілікке, ынтымаққа шақыра біл «Бақ қайда барасың, ынтымаққа барамын» дегеннің мәнісі осы, – депті.

Түсіне білген адамға ақсақал мен баланың диалогында қаншама мағына жатыр. Расында бірлік болмай, тірлік алға баспайтыны айтпаса да түсінікті. Тәуелсіз мемлекетіміздің де іргесінің нық болуы сол ауызбіршілікке жатыр.

Қазақ тәуелсіз мемлекет болып қалыптасқанға дейін талай нәубетті осы ынтымақтың арқасында өткергені тарихтан белгілі. Одан бері де елде небір қиын кезеңдер болды, тәуелсіздік алғаннан кейінгі тоқырау жылдар қазір артта қалды. Бірақ сол уақытты еліміз жай жүріп өткен жоқ. Бірлікке берік болмай, бақ өздігінен келіп қонбайтынын еңбеккер халық тағы да түсінді, соған сай әрекет етті. Бір сөзбен айтқанда, қазақ бірлігінің арқасында талай белестен өтті. Сол ынтымақ ел ішінде өлі де сақталса, егемен елдің ертеңі жарық болары анық.

Кеше кешеді жасы алпысқа таяған қос кісінің әңгімесін құлағым шалды. Зерде қойсаң, екеуі де қазаққа қапалы, артынан 10 минуттай болды, еріп келемін. Әңгімесі «қазақтың жауы – қазақ» дегеннен өріге бармады. Сөзін дәйекпен сөйлеуі үшін сол тұста қастарында тұрғандай, қазақ зиялыларының тең жартысын «сатқын» қылды. Сергі оны қолпаштағандай, 2-3 ғасырдан өріге кетті. Әр жерден естілген алып-қашпа сөздерін тарихқа теліп сөйлейтіні несі екен? Мені осы сауал мазалап келеді.

Олардың аузын тияр түрі жоқ. Алдындағы

дүкенге кері бұрылып, екі көше айналып бардым. Қысқасы, дүкенге дейін енді 50 метр жүрсем, кейлігітім өзіме көрініп тұр.

Екі көше әрі жай жүргенім жоқ, ой үстінде көлемім. Жаңағы қос азамат тізімін жасаған қазақ зиялыларының кейінгі бұынға, жалпы қазақ руханиятына қосқан үлесі, сіңірген еңбегі ұшантеңіз. Ал бұлар осы уақытқа дейін не білді екен? «Қазаққа ауызбіршілік жоқ» дейді. Құдай-ау, өздері де қазақ, әңгімесі алауыздықтан өріге бармайтындарға елдің бірлігін көре алатындай көз берсеңші.

Былтыр ауданның абыз ақсақалы Кенжеғара Сүлейменовпен сұхбаттасқаныма да қарияның «қаңтар қырғынынан сабақ алуымыз керек» дегені бар еді. Расында бізге өткенге бір сәт көз жүгіртіп, алдағы уақытта сол қателіктерге бой алдырмауға әрекет ету керек. Кенжекең «қаншама ғимарат қирады, қаншама дүкен тоналды, қаншама адам шығыны болды, түптеп келгенде соның кесірі өзімізге тиді ғой, бізге бірлік керек, онсыз тәуелсіздік деген шексіз байлықты ұстап тұру да қиынның қиыны» деген.

Рас қой, бірлігің болмаса, қай жоғыңды түгелдейсің, қандай мақсатқа жетпексің? Осы сауалдардың да астарына терең бойламай, ынтымақтың қадіріне жауір де ақсақал айтқандай, қиынның қиыны. Шыңдығында әлгіндей азаматтардың аузына келгенін айтып еркін жүруі елдің ымырамен жеткен егемендігінің арқасы емес пе?!

Шығыста орман ертке оранды, Арыста жарылыс болды, батыс аймақтарды қуаңшылық жайлады, кеше тасқын су елді өзгерге салды. Осындай сындарлы сәтте елдің бірлігі көрінді. Ішімізден сондай халықтың, атақоныстың амандығын тіледік, ел болып көмек бердік. Осындай көрген көз сүйсінетін ауызбіршілігіміз, ынтымағымыз бұзылмасын.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Рита Пак, аудан тұрғыны:

«Ұлтым басқа болғаныммен, жүрегім – қазақ»

Жақында базарға бардым. Сол сәтте базар алдында салат сатып отырған кісіге көзім түсті. «Менің бала кезімнен салат сатып отыратын апа емес пе екен?» деген ой келді. Көп ойланбай, апамыздың жанына барып, салаттардың бағасын сұрап, саудаластым. Сәбізден, қырыққабаттан, шалғамнан және балықтан жасалған 4-5 түрлі салат бар. Барлығы да көздің жауын алып, иісі тәбетімді ашады. Бір қызығы, пайымым рас болып шықты, өткен ғасырдың 90 жылдарынан бастап базарға шығып, сол уақыттан бері салат сататын Рита апаның өзі екен. «Салат сататын апа» десеңіз, ол кісіні танымайтын жалағаштық жоқ шығар, сірә.

Жандос ЖАЗКЕН



Иә, көріс ұлтының өкілі, 30 жылдан бері кенттегі базарда өз өнімдерін ұсынып жүрген Рита Пактың өмірі кімге болса да қызықты деп ойлаймын. Балалық шағымда анаммен базарға барсам, міндетті түрде Рита апаның салатын сатып алмай қайтпайтынбыз. Әсіресе сәбізден, қырыққабаттан жасалған салаттарының дәмі тіп үйіреді. Халық арасында «көріс салат» деп аталып кеткен тағамның дәмін айтпасақ та белгілі.

– Осы киелі Жалағаш ауданында өсіп-өндік. Жалағаш жерінде өмір сүріп жатқаным 65 жыл болыпты. Араласатын дос-жарандардың, көршілерімнің бәрі – қазақ отбасылары, шүкір, әлі күнге тату-тәтті ғұмыр көшіп

көлеміз. Өзіңіз байқап тұрғандай, қазақ тіліне судаймын. Біз – қазақ еліне жер аударылып келген көрістердің ұрпағымыз. Біздің ата-бабамыз осы Қазақстанды паналады. Күйеуім Вася екеуіміз осы базардан нәпақа табамыз. Ал 3 балам бүгінде Ресейде тұрады. Кейде балаларым Вася екеуімізді Ресейге шақырады. Бірақ біздің көрмет мекенімізден кеткіміз жоқ. Өйткені бізге Жалағашта өмір сүрген ұнайды. Сондықтан болар, өз бауырындай қарсы алған қазақ халқына ата-бабаларымыздың алғысы шексіз еді, – дейді Рита Пак.

Рита апамыз сатып отырған салаттарды әлі күнге дейін өзі дайындайды. Зейнет жасындағы кейіпкерімнің жанына

көмекші қыз алыпты. Салаттардың бағасы да қолжетімді, 30 жылдан бергі бағадан ешқандай айырмашылық байқалмайды. Еңбекті жанына серік еткен Рита алай салаттан бөлек қаушақтағы гүл көшеттер және гүл тұқымын сатады. Таңқаларлығы, кейіпкерім қаушақтағы гүлдердің тұқымын өзі отырғызып, баптап өсіреді.

Қазақ тілін ғана емес, салт-дәстүрін де жақсы білетін Рита Пак қазақ елінде тұрып, қазақтың әдет-ғұрпын білмеу ұят деп санайды. Сондай-ақ ол қазақтың ұлттық тағамын да дәмді әзірлейтінін айтады. Ерекше ұнататыны бауырсақ пен бешбармақты сүйсініп жейді екен. Не керек, Рита апа ұлтты басқа болғаныммен, жүрегі қазақ

деп соғатынын ерекше мақтанышпен жеткізді.

Өткен ғасырдың 30 жылдарында корей халқының басына қандай ауыр тауқымет түскенін кейінгі ұрпақ тарихтан білеміз. Корей ұлтының 100 мыңға жуық өкілі қазақан қыста жүк вагондарымен айдалаға жер аударылып келгенде, қазақ халқы оларды жатысыбай бауырына басып, қиын-қиына заманда көмек қолын созды. Қазақ елінің ұлтқа бөлінбей, достығы мен ынтымағы жарасып өмір сүруі, бейбітшіліктің қадірін түсініп, қастерлеуінде екенін өзге ұлт өкілімен сұхбаттан кейін тағы мәрте терең түсінгендей болдым.



Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары,
қадірлі жерлестер!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – біздің бірлігімізді айқындайтын, Қазақстан халқын ортақ іске жұмылдыратын, асқақ арман-мұраттарға бастайтын тамаша мереке. Байыппен қарасақ, бұл – достық пен бірлік мерекесі, береке бастауы. Еліміздегі тұрақтылық пен тыныштықтың, мамыражай тірліктің сақталуы қазақ халқының мейірімділігі мен бауырмалдығының, сондай-ақ Қазақстанды мекендеген халықтардың достық қарым-қатынасының жемісі екені белгілі.

Қазіргі құбылмалы әлемде елімізде қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықтың болуы маңызды. Еліміздегі бейбіт еңбекті, тыныштық пен тұрақтылықты бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету әрбіріміздің міндетіміз болып табылады.

Тәуелсіздіктің даңғыл жолына түскен мемлекетіміздің экономикасы қарқынды даму үстінде. Тәуелсіздік жылдары бағындырған биіктерімізде, асуларымыз бен жеткен жетістіктерімізде елімізде өмір сүруші барша ұлт өкілдерінің еншісі бар.

Құт қонған киелі Жалағаш өңірі – қай кезде де бірлік пен тұтастықтың ұясындай болған, қажырлы еңбегімен туған жерді түлеткен ерлердің мекені. Жалағаштықтардың ел бірлігі мен ұрпақ саулығы, ұлт амандығы жолында атқарған жарқын істері көпке үлгі.

Қадірлі жерлестер!

Достық пен татулық, ынтымақ пен бірлік мерекесінде отбастарыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін! Әлемде баянды бейбітшілік орнасын, халқымыздың ырыс-несібесі арта берсін! Мерекелеріңіз құтты болсын!

Құрметпен аудан әкімі
Ардақ ИБРАИМОВ

Егінжай – 2024

Ауданда алқапқа енді соқа салып жатқан шаруашылықтар жетерлік. Ал «Сәрке батыр» ЖШС бүгінде дән себуді бастап кетті. Жыл сайын егінді өртарпаптандыруға басымдық беретін шаруашылық биыл да осыған ерекше мән берген. Олай жасайтындай жөні бар, себебі жыл сайын диқандарды қос бүйірден қысқан аяқ су мәселесі күрделенбесе, шешімін таппай жатыр.

Серіктестіктің бас агрономы Қанат Демесінов сәуір айының басында ақегіс жұмыстарын қорытындылағанын айтады. Шаруашылық биыл күріштен бөлек 80 гектар алқапқа бидай егіпті. Сондай-ақ 70 гектар мақсарысы тағы бар. Мұнан бөлек 233 гектар алқапқа жаңа жоңышқа егіп, 420 гектар ескі жоңышқаны күтімге алған.

– Судың жайын өздеріңіз жақсы білесіздер, жыл сайын мәселе күрделеніп келеді. Осы ретте біз егінді өртарпаптандыруға басымдық беріп жатырмыз. Мұнан күріш алқаптары қысқартыны айтпаса да түсінікті. Есе-сіне суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық бердік. Шаруашылықта 2 сұартқыш насос бар. Алдыңғы жылы сонымен амалдадық. Ал былтыр оны мүлде пайдаланған жоқпыз. Биыл аяқ су мәселесі күрделенген жағдайда оларды іске қосамыз. Қазір екі механизатор күріш себуді бастап кетті. Қалған механизаторлар жерді сүдегерлеп, тегістеп, тұқымға дайындап беруде. Дәл осы қақымен жұмыс жүрсе, алдағы он күндік дән себуді де төмамдаймыз, – дейді Қанат ағамыз.

Иә, қазір судың жайы айтпаса да түсінікті, сондықтан аудандағы басқа да шаруашылықтар сұартқыш насостарын елден дайындап отыр. Себебі биыл ауданға түсетін су көлемі айтарлықтай қысқарған. Мәселен, былтыр егіске дәл осы серіктестік 3 мың текше метр су алса, биыл оның көлемі текше метрге азайған.

Салада 30 жылдан астам тәжірибесі бар білікті маман былтыр шаруашылық жылды оң нәтижемен қорытындылағанын айтады. Серіктестік өткен жылы 950 гектар алқапқа Сыр салысын сепкен. Әр гектардан 60 центнерден орташа өнім жиган. Диқандар арасында ең жоғары өнімді көңгі күріші Рамазан Абайділдаев алыпты. Гектарынан 76 центнер күріш алған даңғайыр диқандардың ізбасарына былтыр сабантойда темір тулпар табысталған.



Серіктестік жерге дән септі

– Күріш те бала сияқты күтімді қажет етеді, оны да қырқынан шығарсаңыз, жерге дән түскеннен бізге дамыл жоқ. Мол өнім алу үшін механизаторлармен бірге алқап басында жүрген күндер болды. Қай жерді қалай сүдігерлеу керек, соның барлығын айтып, бағыт беріп отырамын. Былтыр да мен үшін жұмыс ерте көктемде басталды. Нәтиже де жаман болған жоқ, шаруашылық бойынша ең көп күріш менің алқабымнан шықты. Биыл да жеке жоғары, былтыр гектарынан 70 центнерден астам өнім алсам, биыл бүйіртсе, 80 центнерден асыру керек, барлығын алдағы уақыт көрсетеді. Бірақ оған дейін тағы да тер төуге тура келеді, – дейді күріші Рамазан Абайділдаев.

Қазір көктемгі науқан жұмыстарына техникадан мәселе жоқ. Десе де Қанат Демесінов алдағы күзгі науқанға бірқатар техника алатындарын айтады. Мәселен, егін жинау жұмыстарына дейін шаруашылықтың техникалық базасы «Магдон» және «Класс» комбайндармен толықтақ.

– Шаруашылық үшін маусымда еңбек өнімділігі жоғары болуы үшін техникалық базасы жақартылуы тиіс. Сондықтан біз жыл сайын осы мәселеге ерекше мән беріп келеміз. Биыл да осы мақсатта бірқатар жоспарымыз бар. Алдағы уақытта се-

ріктестіктің техникалық базасы тағы да заманауи келіктермен толықтақ. Қазір көктемгі науқан жұмыстарына техникадан мәселе жоқ. Күзде табысымыз мол болса, келер жылдың көктеміне де тағы техникаларды жаңартамыз, – дейді бас агроном.

Айта кетейік, серіктестік бүгінде 115 адамды жұмыспен қамтып отыр. Былтыр сабантойда олардың төртеуі темір тулпар тақымдаса, мұнан бөлек еңбекте озат болған бірқатар дала дарабозына жалпы құны 35 млн теңге қаржылай сыйақы үлестірілген.

Шаруашылық былтыр күріштің басқа да сұрыптарын екең, биыл да осы бағытта өзгерістер бар. Бас агроном бұл қадамға тауардың өтімділігі мен пісіп-жетілуіне зер салып барғанын айтады.

– Қазір күріштің жергілікті сұрыптарының көбісі ескірді ғой, оның үстіне бір тұқымды жыл сайын еге берсең, міндетті түрде ол сапаның нашарлауына әкеліп соғады. Сондықтан біз тұқымды жаңартуға басымдық бердік. Қазір серіктестіктің өкіл алқабында «Лидерден» бөлек басқа да Сыр салысының сұрыптары бар. Олар да «Лидер» секілді өтімді және біздің өңірде пісіп-жетілуі де бірдей. Сондай-ақ биылдан бастап «Янтар» егіп жатқан жоқпыз. Алдағы уақытта да тұқымды ауыстыру бағытында

жұмыстар жалғасады, – дейді Қанат ағамыз.

Тәжірибелі маман сөзінің жаны бар, расында бір өнімді жыл сайын еге берсең, сапасы сыр беретіні айтпаса да түсінікті. Сондықтан басқа да шаруашылықтар осындай қадамға баруы керек. Естеріңізде болса, бір жылдары Жалағашта өсіп жатқан күріштің 60 пайызы ауруға ұшыраған. Сол тұста да мамандар осындай шешімге келген.

Бұл – негізінен тәжірибеде бар тәсіл. Мысалы, Ресей елін алайық, бұл елде аудан ауыл былай тұрсын, бір облыста тек күріштің 1 ғана сурпы егіледі екен. Сол аймақтағы бір шаруашылық күріштің басқа сурпын ексе, ауыл шаруашылығы жерін мақсатты пайдаланбаған болып танылады. Жергілікті ғалымдар «өнім бұдан-дасып, тұқым бұзылады» деген шешімге келгеннен кейін салаға жауапты министрлік осындай шешім шығарған.

Иә, күріш өсіруде мұндай зерттеу орталықтары болмаса да «Сәрке батыр» ЖШС мейлінше өнім сапасына ерекше мән беріп келеді. Биыл шаруашылық күріш алқабын 50 гектарға қысқартқан. Қанат Демесінов алдағы жылдары да суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық беретінін айтады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Мәселе

«Масс-медиа» сала жұмысына серпін бере ме?

Елімізде төтенше жағдай басталғаннан бері 29 жалған ақпарат таралған. Мәжіліс депутаттарының айтуынша, 40 адамға ескерту беріліп, 15 адамға 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салынған. Сонымен қатар су тасқынынан зардап шеккендерге көмек сұраған 50-ге жуық жалған хабарландыру анықталған. Жалған ақпаратқа тосқауыл жасау мақсатында қабылданған «Масс-медиа» туралы заң БАҚ жұмысына қалай әсер етеді? Жаңа заң ресми ақпаратты жылдам алып, жалған ақпаратқа төтеп бере ала ма? Бүгінгі мақаламызда осындай сауалдарға жауап іздедік.



Жалпы елімізде жалған ақпарат тарату фактілері жыл сайын артып келеді. Мәселен, 2021 жылы 4,8 мың факт анықталса, 2022 жылы 5,5 мыңға дейін өскен. Былтыр бұл көрсеткіш 5,3 мыңға жетті. Сонымен қатар жалған ақпарат таратуға байланысты 2021 жылы 23, 2022 жылы 37, 2023 жылы 53 қылмыстық іс қозғалған.

Ал елімізде бір ай бұрын бірқатар аймақта жарияланған төтенше жағдай кезінде тараған жалған ақпараттарға тоқталсақ, ең көп тараған ақпараттар қатарына бөгеттердің бұзылуы, республикалық маңызы бар жолдарды су басуы, су қоймаларындағы электр станцияларындағы және басқа да стратегиялық нысандардағы апаттар, ауыз судың ластануы, эвакуациялау орындары, қаражат жинау сияқты оқиғалар жатады.

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның айтуынша, жалған ақпараттар құтқарушылар жұмысына кедергі келтірген. Мұндай хабарламалар көбінесе мессенджерлер арқылы таралады. Мейінше, жалған ақпараттар таралуының басты себебі ресми ақпараттардың көш жеткізілуі болуы бек мүмкін. Бұл тұрғыда

журналистер қауымы да ресми хатқа ресми жауап беру мерзімін 7 күннен 3 күнге қысқартуды сұраған.

17 сәуір күні Мәжіліс депутаттары «Масс-медиа» туралы заң жобасын екінші оқылымда мақұлдап, Сенатқа жолдаған. Қуантарлығы, журналистердің мәртебесін арттыру құқықтарын нығайту, міндеттерін қайта қарау және журналистердің артықшылықтарын кеңейтуге бағытталған нақты ұсыныстар бар. Бірақ демократиялық принциптерге қайшы, журналистерді алалау, жан-жақты ақпарат таратуға кедергі келтіретін нормалары да жоқ емес.

– 2023 жылы 31 мамырда қабылданған «Масс-медиа» заңына биыл өзгерістер мен түзетулер енгізілді. Осы уақытқа дейін даулы болған ол «Пресс карта» мәселесі болған. Соңғы өзгерістер нәтижесінде баспасөз карточкалары туралы норма толығымен алынып тасталды. Сонымен қатар журналистердің ресми хаттарына жауап беру мерзімі 7 күннен 5 күнге дейін қысқартылды. Ал төтенше жағдайлар кезінде 3 сағат ішінде жауап берілетін болды. СИМ «ұлттық қауіпсіздікке қатер төнген

жағдайда» шетелдік БАҚ-ты аккредиттеуден бас тарта алады және барлық сайт интернет басылым болып есептеледі. Міне, соңғы заң бойынша журналистердің дәрежесін көтеру үшін осындай өзгерістер енгізілді, – дейді ҚР МАМ БАҚ саласындағы мемлекеттік саясат департаментінің директоры Қайнар Ахетов.

Жалпы заң жобасының кейбір тармақтары арқылы БАҚ-тың жұмысы жеңілдейді. Алайда заңға енгізілген журналистердің кейбір құқықтары тілшілер қауымын қуантса, кейбір тармақтарына күмәнмен қарадық. Мәселен, ресми ақпараттарды алу мерзімін 3 күнге қысқартуға ұсынған журналистердің ұсынысы толық қанағаттандырылмады. Яғни 5 күнге ғана қысқартуға шешім қабылданған. Бұл елімізде жалған ақпараттардың таралуын тежеуге төтеп бере алмайды. Себебі бәрімізге айқын, 5 күн ресми ақпаратты күтеміз деп жүргенде халық арасында жалған ақпараттар таралып отырады. Бұл еліміздегі ақпараттарды таралуына басты себеп уақытты ұтымды пайдаланбау екенін құқық қорғау органдарының өкілдері де кош-

тап отыр.

– Әрине біз БАҚ-та жарық көрген мемлекеттік тапсырыспен жазылған материалдардың таңбаланғанын, БАҚ мәншік иесінің, яғни құрылтайшының редакцияның ішкі жұмысына араласуына тыйым салатын баптардың енгізілгенін қалар едік. Өкінішке қарай заң жобасында ондай норма енгізілмеді. Себебі жұмыс тобының 110 мүшесі болса, соның жиырма екісі, яғни Мәжіліс депутаттары ғана дауыс беру құқығына ие. Сондықтан қандай ұсыныс айтылса да 22 адамның дауысы шешті, – дейді медиа-сарапшы Қалима Бұқарқызы.

Иә, заңға өзгерістер әлі де енгізілуі мүмкін. Бастысы, аталған қоғамдық-кәсіптік кеңестер журналистика мен журналистердің нағыз жанашыры болуы және ақпаратты тыңдаушы халық үшін де ресми ақпараттың жетіуі секілді маңызды мәселелер шешімін табады деп сенеміз. Ал халықты тек ресми ақпараттарға сенуге және өсіресе төтенше жағдай кезінде жалған ақпарат таратпауға шақырамыз.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Аудан жаңалықтары

Сыбайлас жемқорлық — қоғам дерті

Мемлекеттік стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Жемқорлықты жоюдың тиімді тетігі де осы, яғни әр адам онымен күресті өзінен бастаса, әрбір істе нәтиже болары анық.



Жуырда «Атапай» партиясы аудандық филиалының мәжіліс залында аудандық төтенше жағдайлар бөлімімен бірлескен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру және алдын алуға арналған дөңгелек үстел өтті. Жиында аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Еркін Назарқұлов сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша тиісті бөліммен профилактикалық шаралар өткізілетінін айтты.

Айта кетейік, аудандық төтенше жағдайлар бөлімінде 4 адам жұмыс жасайды. Ал №11 өрт сөндіру бөлімінде 35 қызметкер, 3 өрт сөндіру техникасы бар.

Басқосуда партияның аудандық филиалының кеңесшісі Асхат Ахметхамиев сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Облыстық кезеңге жолдама алды

Ауданда «Тең мүмкіндіктер» атты инклюзиялық спорт фестивалінің аумақтық кезеңі өз мәресіне жетті. Шараның мақсаты – инклюзиялық қоғамды дамыту және насихаттау, инклюзиялық спорттық және мәдени іс-шараларды өткізу арқылы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың достық байланысын нығайту, олардың әлеуметтік белсенділігін, сенімі мен өзара сыйластығын арттыру.



Сайыстың аудандық іріктеу жарысында биік шыңнан көрінуді мақсат еткен оқушылардан құралған 7 команда қатысты. Мектеп оқушылары арасындағы «Тең мүмкіндіктер» атты аумақтық спорт фестиваліне аудандық білім бөлімі басшысы Талғат Садықов, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қанат Бөлембаев, «Қазақ Загіптар Қоғамы» қоғамдық бірлестігінің аудандық бастауыш ұйым төрағасы, «Ұлы Орда күші» ҚБ басшысы Айдынбай Сейфумәлік, Жалағаш ауданы бойынша этносаралық қатынастар жөніндегі сарапшы Әсел Балмұрзаева, этнос өкілдері Пак Лилия, Айзан Шарипова және аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің мамандары қатысты.

Сайыс қорытындысында ІІІ орынды Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің «Жас спортшылар» командасы мен А.Бисенов атындағы №38 орта мектебінің «Біз мықтымыз» командасы иеленді. Ал ІІ орынды №124 орта мектебінің «Қыран» командасы мен Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің «Жас дәурен» командасы өзара бөліссе, бағы мен бабы қатар шапқан №124 орта мектебінің «Қыран» командасы, №202 З.Жарқынтаев атындағы орта мектебінің «Жас өркен» командасы және М.Байділдаев атындағы №232 орта мектебінің «Мардан спортшылары» командалары көш бастады. «Тең мүмкіндіктер» атты инклюзиялық спорт фестивалінің аумақтық кезеңіне қатысушы барша команда арнайы дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Жарыста көш бастап, үздік нәтиже көрсеткен командалар инклюзиялық спорт фестивалінің облыстық кезеңіне жолдама алды.

«ЖЖ» ақпарат

Тарих



«АЛЖИР»: азалы жылдар жаңғырығы

Өткен ғасырдың 1930-1950 жылдары ГУЛАГ лагерлері Кеңес одағындағы «ең білімділер ортасы» деп атауға әбден болатын. Өйткені онда негізінен «халық жауы», «контрреволюционер», «тыңшы», «отанын сатқан» деген жалған айыптармен түрлі ұлттық бетке ұстар қаймақтары, ақын-жазушылар, ғалымдар, саясаткерлер, т.б. тұлғалар отырғаны белгілі.

ГУЛАГ (Лагерлердің бас басқармасы) жүйесіндегі 500-ге жуық еңбекпен түзеу лагерінің 11-і біздің елдің аумағында орналасты. Олардың қатарында Қарлағ, «АЛЖИР», Степлаг, Камышлаг, Кеңірт, т.б. бар. Бұлардың бәрінде әйелдер отырған арнайы бөлімдер болған. Сонымен бірге қызыл империя аумағында контингенті тек әйелдерден тұратын жалғыз еңбекпен түзеу лагері бар еді. Ол – Қарлағты арнайы бөлімшесі, қазіргі Ақмола облысының Ақмол ауылы маңында орналасқан. Халық арасындағы бейресми атауы – «АЛЖИР».

1937 жылы Кеңес одағында жаппай қуғын-сүргін басталғанда «шаш ал десе, бас алатын» қызыл империя жетекшілері бұл нақанды қазақ жерінде өте қатыгездікте әсеріне сүйеніп отырды. Ел тұтқасындағы көрнекті тұлғалардан бастап аздаған оқыған-тоқығаны, шамалы сауаты бар адамдар түгел жазға ілігіп, көбі атылды, тірі қалғаны ұзақ жылға сотталып кете барды. Дегенмен кеңестік билік оны да місе тұтмай, өнді олардың әйелдерін абақтыға жабу туралы шешім қабылдады. Міне, «АЛЖИР»-дің тарихы осылай басталған еді.

Бұл лагерьде 62 ұлт өкілінен құралған 18 мыңнан аса әйел отырған. Жаппай ГУЛАГ лагерлерін ұйымдастыру арқылы кеңестік билік бір оқпен екі қоянды атқан болатын. Біріншіден, ел ішіндегі бас көтерер көзі ашық адамдардан құтыласа, екіншіден, тұтықанда отырғандарды тегін еңбек күші ретінде ауыр жұмыстарға жеткі. «АЛЖИР-ге» келген әйелдерде Жалаңаш көлі жағасында қамыс шабаудан бастап соның кезінде сарбаздарға киім тігуге дейінгі түрлі жұмысты тегін атқарды.

Әйелдердің осы қасіретті қапасақ келу тарихының өзінен бір фильм түсіруге болады. Айтуда да ауыр, аянышты сөздер көз алдыға келеді. Жұбайынан тірідей айырылып, қан жұтып отырған оларға НКВД қызметкерлері келіп, абақтыға отырған күйеулерімен кездестіреміз деп алдап, үйлерінен алып шыққан екен. Сонда «күйеуімді

көретін болдым» деп қатты қуанған бейшара жандар балаларын да тастап, ең өдемі киімдерін киіп, әшекей бұйымдарын тағып, сәнденіп шыққан деседі. Тіпті жүк тасуға арналған вагонға отырғанда да өздерінің қайда бара жатқанын білмеген.

Бүгінде Ақмолдағы «АЛЖИР» музей-мемориал кешенінің алдында сол жүк вагондарының бірі экспонат ретінде тұр. Бұл жәдігер музей ашылғаннан кейін Атбасар стансасынан табылыпты. Адам тұлғалар мал тасуға да жарамсыз осы отарбадағы ұзақ жол үстінде ғана әйелдер өздерінің Қазақстандағы лагерге бара жатқанын біледі. Еліңде көп ұзамай келемін деп қалдырып кеткен бала-шағасы бар. Содан әйелдер қолдарына түскен қағазға саусақтарын тістелеп қанмен хат жазыпты. Балаларын жақындарына аманаттап, мекен-жайларын жазып, үшбу хаттарын вагонның әжетханасындағы тесіктен жол бойына тастай берген.

Жол-жөнекей оларға тұздалған балықтан басқа ештеңе берілмеген. Шөл қысқан кезде вагон қабырғаларына қатқан мұзды жейді. Таңертен ұйқыдан ояңғанда шаштары темір қабырғадағы қыраумен бірге жабысып қатып қалады екен. Осыдан-ақ сталиндік вагондағы жағдайдың қандай болғанын бағамдай беріңіз. Салдарынан жолда көп әйел аштық пен суықтан, ауру-сырқаудан қайтыс болады. Оларды маң далаға тоқтап, вагонның есігіннен далаға лақтырып кете берген.

Аман қалған әйелдерді Теміртаудың маңындағы бір мекенге апарып, жауып тастайды. Екі ай бойы осы жерге Кеңес одағының түкпір-түкпірінен әйелдерді тасып әкеліп, бөріне «халық жауы» деген құжатқа күштеп көл қолдырғаннан кейін «АЛЖИР» лагеріне апарып, 5 жылдан 8 жылға дейін қамалғандарын хабарлаған.

Лагерьде әйелдер түрлі ауыр жұмысқа кешігіп. Таңғы сағат 4-5-тен тұрып, кешкі 9-10-дарға дейін Жалаңаш көлі жағасында қамыс шабу, мал бағу, арық қазу, егін егу сынды жұмыс істейді. Әр әйелге жұмыс нормалары

бөкітеледі. Сол норманы орындамаған жағдайда немесе малды өлтіріп алса, егін дұрыс шықпай қалса, түрлі жаза қолданылған. Мәселен, сәл ғана жаза басқаны үшін күнделікті өлшеулі тамағын бермей қою, тіпті мал өлтіріп алса, ату жазасына да кескен деректер бар. Әйелдерге жылына бір рет қана балаларына хат жазуға рұқсат етілетін. Сол сәтті олар асыға күтетін. Сондықтан олар үшін ең ауыр жаза отбасына хат жазуға рұқсат бермей қою еді.

Балаларын сағынған әйелдер қиындыққа да шыдап бақты. Күніне көлдің жағасынан 30-40 бума қамыс шабу талап етілсе, олар «ерте бостандыққа шығарар» деген үмітпен 70-80 бума дайындайтын. Соңғы уақытта көп айтылып жүрген құрт оқиғасы осы жерде болған. Бұл – Жалаңаш көлінің арғы бетіндегі Жаңақол атты қазақ ауылы тұрғындарының өрлігі. Сол уақытта жаңақолдық қазақтар әйелдерге көмектесу үшін тек құрт емес, түнгі уақытта жасырын келіп, қамыстың арасына балық, ет, нанға дейін тастап кетіп отырған. Кейін лагерьден босаған бір топ әйел Жаңақол ауылына арнайы барып, жергілікті тұрғындарға алғысын айтқан деседі...

Лагер жұмысында олардың бөрінен осында отырғаны, лагерь жайында ешкімге тіс жармау туралы қолхат алынады. Қаншама жыл қасірет шеккен әйелдер қайтадан ұсталмады деп қорқып, өмірден өткенше «АЛЖИР» туралы ешкімге айтпай кеткен. Соның салдарынан қазіргі күні 18 мың әйелдің толық тізімін анықтау мүмкін болмай отыр. Музей қызметкерлерінің айтуынша, 8 мыңдай ғана адамның аты-жөні анықталыпты. Олардың ішінде қазір көзі тірі ешкім жоқ. Ең соңғы тұтқын Анна Енданова 2014 жылы Ресейде қайтыс болған. Белкім аты-жөні анықталмаған 10 мыңдай адамның ішінде өлі тірі әйелдер де бар шығар...

Ресми деректерге қарағанда, қазіргі күні анықталған 8 мың әйелдің 4 мыңнан астамы орыс ұлтынан болған. Сонымен қатар еврей әйелдері де көп

болыпты. 87 қазақ әйелінің ғана аты-жөні анықталған.

1953 жылы Сталин өлгеннен кейін «АЛЖИР-ді» жабу туралы шешім қабылданады. Бірақ лагерь 1955 жылға дейін жұмыс істеп тұрған. Кейін барлық құрылысы, барактары мен өкімшілік ғимараттарының бұзылып, тарих бетінен мұндай тозақтың болғанын өшіру үшін жермен-жексен етіледі. Жоғарыда айтқандай, ол уақытта Жалаңаш көлінің арғы бетінде Жаңақол ауылы болса, бергі жағында, яғни лагерь тұрған жерде елді мекен жоқ еді. Бірақ мұнда әйелдер өкпен жеміс ағаштары, әсіресе таңқурай, яғни орысша «малина» жемісінің құрметіне Малиновка деген атау берген. 2007 жылы Ақмол атауы берілгенге дейін ол Малиновка деп аталып тұрғаны белгілі.

Қанша жерден жасырып-жапса да, «АЛЖИР» абақтының ешкім тарих бетінен өшіре алған жоқ. 80-жылдары Малиновканы басқарған неміс ұлтының өкілі Иван Шарфтың бастамасымен Жалаңаш көлі жағасынан құс фабрикасын салу барысында жер астынан адам сүйектері табылған. Оған дейін ауыл тұрғындарының өзі бұл жерде лагерь болғанын білмейтін, білсе де айтпауы қорқатын. Дегенмен Иван Шарфтың мұрындағы болуымен алғаш рет «АЛЖИР» туралы ақиқат ашық айтыла бастады. 1989 жылы ол кісі лагерьде отырған әйелдерге хат жолдап, кездесуге шақырады. Ол кезде әйелдердің көбі тірі болғанымен «бізді тағы да алдап шақырып жатыр» немесе «ұрпақтарымызға кесірі тиеді» деп қорқып, кездесуге келуден бас тартқан. Тек 15 шақты әйел батылдық танытып, осы ауылға кездесуге келіп, лагерь туралы көзбен көрген оқиғаларын баяндап берген.

2007 жылы Ақмол ауылынан «АЛЖИР» музей-мемориал кешені тұрғызылды. Сол кезден бері музей қызметкерлері лагерь тарихына қатысты мәліметтерді тіркеп жинап келеді. Бұрын айтылмаған деректер, ашылмаған сырлар табылып жатыр. Бірақ атқарылар іс өлі де ұшантеңіз. Бұл енді басқа әңгіме...

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ

Еңбек адамы

Майталман механизатор

Бүгінде ауданда 14 ұлт өкілі, 254 жалағаштық бірлігі мен ынтымағы жарасып ғұмыр кешуде. Олардың тілі басқа болғанымен тілегі бір, жүзі басқа болғанымен жүрегі бір. Қазақ халқымен бір нанды бөлісіп жеп, бір үйдің баласындай етене араласып, қыз берісіп, қыз алысып құда болып отырғандар да бар. Бұқарбай батыр ауылына сапарымызда сондай үлгілі отбасылардың бірі, татулықты ту етіп, ынтымағы жарасқан шешен ұлтының өкілі Мәжіевтер отбасының шаңырағында болдық.



Өздеріңіз білетіндей, Бұқарбай батырда ең көп өзге ұлт өкілі, бауырлас ұлттар тұрады. Бүгінде бұл елді мекен – шешен, кәріс, орыс тағы басқа да ұлт өкілдерінің тағдырын бір арнаға тоғыстырып, тату-тәтті өмір сүріп, достығын жарастырған өлке. Яғни мұндағы 16 отбасы өзге ұлт өкілінен.

Мәжіевтер әулетінің қарашаның бағарымызда әріптесім екеумізді жылы жүзді бір әйел қарсы алды. Өзің осы үйдің отанасымын деп таныстырған Дағман Мәжіева бізге төр ұсынды, адал асынан дәм таттық. Қазақ тілін ғана емес, салт-дәстүрін де жаңылмайтын аңғарған біз Дағман апайдың ыстық бауырсағынан ауыз тидік. Айтқынша, ол үй шаруасында отырғасын уақытының басым бөлігін ас үйге арнайды екен. Күнделікті тағамдардан бөлек, мерекелік жиындарда бешбармақ, бауырсақ пісіріп, Әзнаурызда ерекше етіп дәмді наурыз көже дайындайтынын айтады.

– Менің де ұлым – шешен. Біз отағасы екеуміз 1984 жылы отау құрдық. Алпаға шүкрі, 2 ұл 4 қызымыз бар. Олар жоғары оқу орнында білім алып, бүгінде елге елеулі қызмет етуде. Қыздарым тұрмыста. Үлкен қызымыз Зурра осы жалағашқа, шешен ұлтының жігітіне тұрмысқа шықты. Екінші қызымыз – Хедә Шаған ауылдағы ұлты шешен жігітке тұрмысқа шығып, кейін Кавказға көшіп кетті. Одан кейінгі қызымыз Мәдина Шіркейлі ауылдағы қазақ жігітке тұрмысқа шықты. Жақында аға тойына барып, қазақ отбасымен құда болдық. Ал көже қызымыз Макса Шымкент қаласының жігітіне тұрмысқа шықты. Күйеу баламыздың да ұлты – шешен. Ал қызымыз өнесі – қазақ. Үлкен ұлым Саидидің де келіншегі шешен ұлтынан. Ұлым ауылдағы «Жанася» шаруа қожалығында жұмыс жасайды. Екінші ұлымыз Ислам қазіргі таңда өкесінің жанында қолбасшы етіп жүр. Бұйырғас, осы ұлымызға қазақ қызын алып берсек дейміз, – дейді отанасы Дағман апай.

Айта кетейік, Ислам Мәжіев – пір спортынан аудан абыройын асқақтатып жүрген үздік спортшы. Ол осыған дейін өз салмағында Әлемді, Азияны бағындырған.

Дағман апаймен дастарқан басындағы әңгімемізден кейін әріптесім екеуміз отағасы Салам ағаймен де тілдесуді жөн көріп, еңбек адамын іздеп қырманға қарай бет алдық. Барсақ, Салам ағамыз қызу жұмыс үстінде екен. Қолы қалт етсе, сұхбаттасуға дайын тұрмыз. Амандық-саулық сұрасып, әріптесім екеуміз аудандық басшылармен келгенімізді айта қызымыз сол еді. Салам ағай газеттің әр санын асыға күтіп, жібермей оқытынын, түрлімізді танымаса да аты-жөнімізді білетінін жеткізді. Бізде іздеп келгендегі мақсатымызды айтып, кейіпкерімізді әңгімеге тарттық.

– Ата-анам осы ауылға 1944 жылы көшіп келді. Мен және бауырларым осында дүниеге келіп, өсіп-өндік. Араласатын дос-жарандардың, көршілеріміздің бәрі – қазақ отбасылары. Бір-бірімізбен етене жақын араласып, тату-тәтті өмір сүріп келеміз. Өзге ұлт деп жазыныбай, той-томалақ, мерекелік дастарқандарға шақырып, бірге тойлау е білген шағымыздан қалыптасты. Өзіңіз көріп тұрғандай, қазақ тілінде еркін сөйлеп, түсінемін. Әрине оған білім алған мектебім мен ортам көмектесті, – дейді Салам Мәжіев.

Оның айтуынша, ата-анасы кезінде мал шаруашылығымен айналысқан. Өкелең қалған игі істің ізін қуған Салам ағай да ертеректе атақесіпті жандандырып, 2007 жылдан бастап ауылдағы «Байтабын» шаруа қожалығына механизатор болып орналасқан. 17 жылдан бері трактор тізгінідеп жүрген кейіпкеріміз жастайынан еңбекке етене араласып, техниканың қыр-сырына қанық болыпты.

– Таңмен таласып техника роліне отырғалы көшеке дейін тыным таппай шаруада боламыз. Ауылда демалатын уақыт жоқ. Егістікті қоректендіру, жер жұрту, астық жинау секілді жұмыстарды жүргіземіз. Бір жұмыс бітсе, келесісі дайын тұрады. Шаруаның бері уақытылы жасалуы қажет, – дейді бізге механизатор Салам Мәжіев.

Мамандығына адалдығы үшін кейіпкеріміз шаруа қожалықтың тәжірибелі механизаторы атанып, жыл сайын түрлі марапаттарға ие болып, озат механизатор атанған. Кейіпкерімізбен әңгіме барысында ерінбей еңбек етіп, жалықпай техника меңгерген адамның жерде қалмайтынына көзіміз жетті. Әсіресе қазіргі бәсекеге толы белең алған шақта еңбек нарығында сурансыз іе мамандықтарды меңгерген жөн. Бүгінгі мақаламызға арқау еткен кейіпкеріміз – заманмен біте қайнасып, маңызын жоймайтын мамандықтың иесі.

– Бір жылдығын ойлаған ден егеді, он жылдығын ойлаған тал егеді, мың жылдығын ойлаған ұрпағына білім нәріні егеді» демекші, кез келген істе төккен тер жауапсыз, нәтижесіз қалмайды. Бақтысы, адал жасау керек. Мен балаларыма үнемі осыны айтып отырамын. Өйткені адал еңбек ешқашан құндылығын жоймайды. Мен үшін ең бастысы, ұрпағымын ұлағатты, білімді болып, асын адал шүі маңызды. Бізбен әрдайым қуанышым бөлісіп, қонақжайлылығы мен бауырмалдығын көрсететін қазақ халқының көңілі дархан пейіл кең. Қазақ халқына алғысым шексіз, – дейді кейіпкеріміз.

Сұхбат соңында «ұлым басқа болса да, жүрегім – қазақ» дейтін шешен ұлтының азаматы Салам Мәжіев қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетін ерекше құрметтейтінін жеткізді.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Сенбілік

Тазалық жұмыстарында тұрғындар белсенді

Өткен апта соңында Жалағаш кенті мен ауылдық округтерде жаппай сенбілік шарасы жалғасын тапты. Оған аудан бойынша 1900-ге жуық адам қатысып, 24 техника жұмылдырылды. Сенбілікте көшелер мен саябақтардағы қоқыстар тазартылып, кураған талдар кесіліп, аяқ су жүретін арықтар кураған жапырақтардан тазартылып, 12 тоннаға жуық күл-қоқыс белгіленген орындарға шығарылды.

Сенбілік жұмыстары аясында көшелер, аллеялар мен саябақтарда 4 200 түп ағаш отырғызылды. Жиналған қоқыстарды шығаруға Жалағаш кенті бойынша жауапты мердігердің, ауылдық округтер бойынша шаруа қожалықтардың техникалары жұмылдырылды.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов жауапты сала басшыларына жиналған күл-қоқыстар мен қалдықтарды уақытылы белгіленген орындарға шығаруды тапсырды. Сондай-ақ ол аудан бойынша тазалық жұмыстарына атсалысып жатқан азаматтардың еңбегі, туған жерге жауапкершілікке көпке үлгі екенін тілге тиек етті.

Әр апта сайын сенбілік жұмысына белсене атсалысамын. Аудан басшысының бастамасымен үздіксіз жүргізіліп жатқан сенбілік жұмысына кент тұрғындары тұрақты түрде атса-

лысып, кенттің көркеюіне өзіндік үлесін қосуда. Сенбілікке мекеме қызметкерлерінен бөлек қарттар мен жастар да белсенділік танытуда. Бүгін талдар өктелип, саябақтардың іші мен мекемелердің айналасы қоқыстан арылды, – дейді кент тұрғыны Бота Нұрмаханова.

Сенбіліктен кейін аудан әкімі Ардақ Әбдіғалпарұлы кенттегі Шоңбай ақын көшесін аралап, көше тұрғындарының талап-тілегін тыңдады. Аудан әкімімен кездескен жергілікті халық Шоңбай ақын көшесін күрделі жөндеуден өткізу керектігін айтты.

Бұл ретте Ардақ Әбдіғалпарұлы тұрғындардың талап-тілектеріне сәйкес биыл аталған көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетінін жеткізіп, жауапты сала басшыларына нақты тапсырма берді. Сондай-ақ жол құрылысының сапасы да жіті



бақылауда болатынын жасырмады. Аудан әкімі тұрғындармен кездесу-де көркейтуді қалғандыру жұмыстарына тұрғындар тарапынан қолдау

білдіруді сұрады. Ауданда көшелерді абаттандыру, жөндеу жұмыстары қарқынды жалғасуда.

«ЖЖ» ақпарат

Тағзым



Кеңесбек Әбішов атындағы кадет сыныбы

Аламесектен егемен елдің ертеңіне саналы ғұмырын сарп еткен атпал азаматтар түлеген. Солардың қатарында ішкі істер саласында 10 жылға жуық қызмет атқарған Кеңесбек Әбішов те бар. Ол небәрі 39 жыл өмір сүрді. Бірақ аз ғана ғұмырында артында өшпес із қалдырып, кейінгі ұрпаққа үлгі болды. Бір сөзбен айтқанда, алдына нақты мақсат құрып, сол жолда тынымсыз еңбек етті. Ел алдында оның бүгінгідей беделінің артып, биігінің төмендеуіне бойындағы табандылығы, жауапкершілігі һәм адалдығы сеп болды десек артық болмас.

Ол уақытпен санаспайтын, Аламесек ауылдық округінде уәскелік полиция инспекторы қызметін атқарған тұста тұрғындардың тыныштығын тәулік бойы күзеткені әлі күнге дейін жұртының жадында. Сондықтан болар, бүгінде ауылдастары атпал азаматтың есімін жиі еске алып, өнегелі өмір жолын еске алуға ұмтылады.

Өткен аптада Есет батыр ауылына сапарымызда тағы бір игі шараның күсі болды. Негізінен ұмытпаса, тоқсаншы жылдардың соңында немесе екі мыңшы жылдардың басында туған жерінен қырағы тәртіп сақшысының атына көше берілген. Ал көшегі аптада ауыл мектебінен Кеңесбек Әбішов атындағы «Жас полиция» кадет сыныбы ашылды. Игі шарада облыстық полиция басқармасы бастығының тәрбие және кадр жұмысы жөніндегі орынбасары Асқар Балқожаев, аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов және қырағы полициядағы бұрынғы әріптестері, бүгінгі сала ардагерлері полиция майорының ерлікке толы өмір жолын кейінгі буынға дәріптеп, оның Отанға адалдығы, жұмыста жауапкершілігі жастарға үлгі болуы керектігін жеткізді.

Бүгін облысымызда алғаш рет кадет сыныбы ашылып жатыр. Ол не үшін Есет батыр ауылынан ашылып отыр? Бұл сауалдың түйінін тарқату үшін тағы да Кеңесбек ағамыздың ерлікке толы өмір жолына тоқтауға тура келеді. Ол аз ғана ғұмырында ішкі істер саласында қызмет ете жүріп, елге, Отанға деген адалдығын көрсетті.

Ел тыныштығын уақытпен сақнапай күзетіп, сол жолда ерлікпен қаза тапты. Осындай батыр азамат түлеп ұшқан ауылда кадет сыныбын ашуды жоспарладық. Департамент, облыстық білім басқармасы, аудандық полиция мен білім бөлімінің бірлескен шешімінің арқасында бүгін осындай игі шарада бас қосып отырмыз. Қолға алған бұл жобамыздың басты мақсаты – оқушыларды патриоттыққа, адалдыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, яғни алдағы уақытта олардың болашағын құқықорғау саласымен байланыстыру. Болашақта осы жастардың ішінен халықтың тыныштығын күзетіп, елдің ертеңіне адал қызмет ететін ұрпақ қалыптаспайтын кім келіп. Міне, игі шараның негізгі мақсаты осындай еді. Барша аламесектік ағайынды, мектеп ұжымын кадет сыныбының ашылуымен құттықтаймын. Осында Отанға адал қызмет ететін ұрпақтар қалыптасын, – деді Асқар Балқожаев.

Кеңесбек Махметханұлы 1958 жылы 20 наурызда Аламесек ауылдық округінде дүниеге келген. 1964-1974 жылдары қазіргі Есет батыр ауылындағы №124 орта мектепте білім алған. 1975-1977 жылдары әскер қатарына қабылданып, Мәскеу қаласында Отан алдындағы борышын абыроймен өтеді.

Ол әскерден келіп, 1978 жылы Қарағанды политехникалық институтына оқуға түседі. Кейін Қызылорда қаласындағы Гидромелиораторлық институтына ауысып, іргелі оқу орнынан арнайы маман болып шықты. Алғаш еңбек жолын туған өлкеде бастап,

түрлі қызметтерді абыроймен атқарды. 1990 жылы Шымкент қаласындағы №9 полиция қызметкерлерінің курсынан өтіп, 1991 жылдан 1997 жылға дейін туған жерге қызмет ету мақсатында ауылда уәскелік полиция қызметкері болып жұмыс жасады. 1997 жылы 23 қыркүйекте АІІ бөліміне лауазымды қызметке ұсынылып, майор шеніне бұйрық тағайындалған шағында қызметтік міндетін атқару барысында қандықол қарақшылардың қолынан қаза тапты.

Айта кетейік, аймақта кадет сыныбы бірінші рет ашылып отыр. Мұнда тәрбиеленушілерге жас шектеу қойылмайды. Жетінші сыныптан жоғары оқушылардың барлығы кадет сыныбына қабылдана алады. Мұнда қатысушыларға саптық байқау, қаруды белшектеу, жинау үйретіліп, құқықтық негізде сабақтар өтеді. Алтамыс 1 рет ішкі істер органдарының білікті мамандары келіп оқушыларға сабақ береді. Сонымен қатар кадет сыныбының оқушылары қоғамдық тәртіпті сақтауға негізделген іс-шараларға қатысады. Алдағы уақытта білім саласында Ішкі істер министрлігінің оқу орындарында белгіленген түрлі сала мамандықтарын меңгеруге бағыт беріледі. Яғни кадет сыныбының оқушылары ант беріп, өткенін ұлықтап, ешқандай ішкі шаралармен мәңгі жасай берері сөзсіз.

Аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Құрақбайұлы ауылдық елді мекендердің ішінде оқушылары көп мектептер қатарында Аламесектегі алтын ұя көш бастап тұрғанын айтады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Спорт
Дүбірлі доп додасы

Жексенбіде аудан орталығында аймағымыздың әр өңірінен келген мемлекеттік қызметшілер футболдан сынға түсті. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілер арасында достық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған доп додасында барлығы 8 команда өзара мықтыны анықтады.



Қатысушылар көңілі кәсіби аяқдоп шеберлері секілді қызықты және тартысты ойын өрнегін көрсетті. Бір сөзбен айтқанда, командалардың дайындығы мықты екені байқалды.

Ойын барысында аладопты жанына серік еткен спортшылар өзінің шеберліктерін көрсетіп, ерекше ептілігі мен өзгеше ойын өрнегін көрсеткен командалар жеңіс тұғырынан көрінді. Нақтырақ айтсақ, I орынды Қызылорда қаласынан келген команда иеленсе, II орынды жерлестеріміз өңшілеп, үздік үштікті Шиелі ауданы түйіндеді. Сондай-ақ Арал, Қармақшы, Сырдария, Қазалы және Жаңақорған аудандарына ынталандыру сыйлықтары үлестірілді.

Қазалы ауданынан О.Ахметовке «Үздік қақпашы», Жалағаш ауданынан Н.Төлегеновке «Үздік қорғаушы», Шиелі ауданынан Б.Ермағанбетовке «Үздік ойыншы», Қызылорда қаласынан Д.Махамбетовке «Үздік шабуылшы» номинациясы табылды. Барлық жеңімпаз командалар арнайы кубок, дәрежелік дипломдар, алғыс хаттар және қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

«ЖЖ» ақпарат



Маман мерейі



Қырағы полицей

Қоғамдық тәртіпті нығайтып, қылмыс ашу, яғни тұрғындардың қауіпсіздігін басты назарда ұстауда полиция қызметкерлерінің еңбегі зор. Тәртіпті қатаң қадағалайтын сала қызметкерлерінің тірлігі қашанда қарбаласа толы, үнемі қауырт жүреді. Алаштың ардақтысы Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген. Кейіпкеріміз Нұрбек Сариев елге қызмет етуде кешегі батырларымыздың ізін жалғаған бейбіт күннің батыры екенін дәлелдеп келеді.

Асқан қырағылық пен табандылықты талап ететін сала қызметкерлерінің жауапкершілік жүгін арқапал жүру оңай емес. Өйтсе де кейіпкеріміз – «Отанға қызмет ету – азаматтық парызымыз» деген қағидамен балалық арманы адалдығын, елге қызмет етуде ерен еңбек етіп жүрген азамат.

Кейіпкеріміз 2016 жылы Қоғалық ауылында дүкенге ұрлыққа түскен екі қылмыскерді дер кезінде құрықтап, істің ізін суытпай ашқан. Мұнан өзге де қылмыскерлерді асқан қырағылықпен анықтап, оқыс оқиғалардың алдын алған.

Қылмысты дер кезінде ашып, міндетін мінсіз атқарып жүрген кейіпкеріміз басшылық тарапынан бірнеше рет марапатқа да ие болған. Уақытпен санаспайтын полиция майоры Нұрбек ауыл ішінде күні-түні жүріп, кез келген уақытта тұрғындардан түсетін қоңырауларға жауап беріп, тиісті жерден табылуды уәскелік инспекторға тән қалыпты жағдай деп қабылдайды. Ол күніне әртүрлі мәселе бойынша ауыл

тұрғындарынан қоңырау қабылдап, күтпеген келеңсіз жайттармен бетпе-бет келіп жатады. Отбасындағы кикілжің, көшілер арасындағы түсініспеушілік, ішімдік ішіп, тұрғындардың мазасын қашырған тентектерді тезге салу – Нұрбектің қалыпты жұмысы.

Ол 2018 жылдан бері Таң ауылы тұрғындарымен бірлесіп отырып атқарған жұмыстың нәтижесінде айтарлықтай нәтижеге қол жеткізген. Темірдей тәртіптің арқасында ол қызмет еткен жылдары Таң ауылында ешқандай қылмыс орын алмаған. Әріге бармай-ақ былтырғы жылдың ахуалын сұрағанымызда полиция инспекторы өткен жыл тұрақты, ешқандай қылмыс орын алмағанын айтты.

Кейіпкеріміз сынды антына адал болып, қызметін мінсіз атқарып жүрген полиция сақшыларының ерлікке толы жұмысы жастарға үлгі.

Ақтоы ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:



Бас директордың міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 676